КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 10 сәуір №2301-24-00-2/507 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы Ш.Т.Мұхтаудың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Білім беру басқармасының Махамбет ауданы білім бөлімінің «Бүлдіршін» бөбекжай-бақшасы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Абдирова К.К.» Клара Каденовна Абдирова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілдері Ж.Досжанова, Ж.Умирова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Махамбет ауданы білім бөлімінің «Бүлдіршін» бөбекжай-бақшасы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнымен №11181652-11 «Азық-түлік сатып алу» конкурсы өткізілген.

Аталған конкурсқа жеке кәсіпкер «Абдирова К.К.» Клара Каденовна Абдирова қатысып, әлеуетті өнім беруші ретінде құжаттар ұсынған.

Ұсынылған құжаттардың ішінде 636EVA06 автокөлігіне қатысты құжаттардың дұрыс емес екендігі анықталған.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, жалған құжаттар тіркелгенін, осыған байланысты Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №599 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді, тауарларды, сондай-ақ мектепке дейінгі

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды жосықсыз берушілердің тізбесін қалыптастыру қағидасының» талаптарында көзделген шараларды қабылдау үшін, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Сот отырысында талап қоюшының өкілдері талапты қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер қатыспады. Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланған, алайда сотқа қатыспай және істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұрамаған.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігі негізінде азаматтық іс жауапкердің қатысуынсыз қаралды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 11-бабының 1 тармағына сай, біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілер осы Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізіледі. Ал 2 тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша беретін ақпараттың анықтығын уәкілетті орган не мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың кез келген сатысында, оның ішінде тапсырыс беруші, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы ұсынған мәліметтер мен құжаттар негізінде анықтауы мүмкін.

Сотта анықталғандай, «Атырау облысы Білім беру басқармасының Махамбет ауданы білім бөлімінің «Бүлдіршін» бөбекжай-бақшасы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнымен №11181652-11 «Азық-түлік сатып алу» конкурсы өткізілген.

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Атырау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің №08-9/408-11 хатына сәйкес жауапкердің атына мемлекеттік номері 636EVA06 автокөлігі тіркелмегені, яғни аталған конкурсқа азық-түлікті арнайы автокөлікпен жеткізу бойынша жалған ақпарат ұсынылғаны анықталған. Аталған автокөліктің меншік иесі Куспанов Бектас Кайыржанович екені анықталған.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

Құжатқа қол қойылған: Дәуешова О. Ш., 12.04.2024

Заңды күшіне енген күні: 17.07.2024, судья Дәуешова О. Ш., 29.07.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Махамбет ауданы білім бөлімінің «Бүлдіршін» бөбекжай-бақшасы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «Абдирова К.К.» Клара Каденовна Абдированы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Абдирова К.К.» Клара Каденовна Абдирова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Абдирова К.К.» Клара Каденовна Абдировадан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 12.04.2024

Заңды күшіне енген күні: 17.07.2024, судья Даурешова О. Ш., 29.07.2024